



BAITEREK

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы**

**Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына
сәйкес жекелеген қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудиторлардың есебі**

31 желтоқсан 2015 жыл

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп	1
Кіріс немесе шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жекелеген есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп	3
Ақшалай қаражаттың қозғалуы туралы жекелеген есеп	4

Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер

1	Кіріспе	5
2	Холдингінің қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта	6
3	Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау	7
4	Маңызды есептік бағалар және есептік саясатты қолданудағы кәсіби пайымдар	12
5	Жаңа есептік ережелер	12
6	Ақшалай қаражат және олардың баламалары	13
7	Депозиттер	13
8	Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	14
9	Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	15
10	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	16
11	Акционерлік капитал.....	17
12	Проценттік табыстар	18
13	Алынған дивиденд	18
14	Өзге операциялық табыстар	18
15	Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	18
16	Табыс салығы.....	19
17	Қаржы тәуекелдерін басқару	20
18	Шартты міндеттемелер	24
19	Байланысқан тараптармен операциялар	25
20	Әділ құн	26
21	Есепті күннен кейінгі оқиғалар	27



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Біз 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдай туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан былай, «Холдинг») ұсынылып отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауда басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бұл шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауға және әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса басшылықтың алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргіздік. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлай орындауымыз тиіс.

Аудитке шоғырландырылмаған қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ кәсіпорынның ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз кәсіпорынның шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне байланысты. Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, басшылықтың бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ, шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.

Біздің пікірімізше, алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті, әрі тиісті болады.

Пікір

Пікірімізше, шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Холдингтің 2015 жылдың 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын әділ көрсетеді.


Ирматов Р.И.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген
№ МФ-0000053 аудитордың біліктілік куәлігі



«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия


Хаирова А.А.
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры



2016 жылдың 31 наурызы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп

(мыңдаған қазақстандық теңге)	Ескерту	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	6	116,783	3,235,141
Депозиттер	7	11,586,577	2,364,108
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	8	196,721,919	93,163,685
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	9	773,782,161	718,382,161
Негізгі құралдар		139,268	137,316
Материалдық емес активтер		215,382	204,917
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		250,751	69,312
Өзге активтер		686,690	244,776
АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ		983,499,531	817,801,416
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	10	193,751,760	91,667,385
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	16	513,526	284,952
Өзге міндеттемелер		609,673	646,809
МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ		194,874,959	92,599,146
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	758,318,712	718,318,712
Таратылмаған кіріс		30,305,860	6,883,558
КАПИТАЛ БАРЛЫҒЫ		788,624,572	725,202,270
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ БАРЛЫҒЫ		983,499,531	817,801,416

Шығарылу үшін бекітілді және Басқарма атынан 2016 жылғы 31 наурызда қол қойылған.

 Куандық Уалиханұлы Бішімбаев Басқарма Төрағасы	 Динара Нұрланқызы Сейджапарова Басқарушы директор - Басқарма мүшесі	 Құралай Дамирқызы Есенғараева Бас бухгалтер
--	--	---

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Кіріс немесе шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жекелеген есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескерту	2015	2014
Проценттік табыстар	12	11,183,750	2,404,306
Проценттік шығындар	10	(10,483,702)	(2,039,609)
Таза проценттік табыс		700,048	364,697
Алынған дивиденд	13	24,367,476	4,173,036
Өзге операциялық табыстар	14	1,628,917	1,488,176
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	15	(3,045,565)	(2,663,274)
Табыс салығын шегеруге дейінгі кіріс		23,650,876	3,362,635
Табыс салығы бойынша шығындар	16	(228,574)	(284,952)
ЖЫЛДЫҢ КІРІСІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		23,422,302	3,077,683

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескерту	Акционерлік капитал	Таратылмаған кіріс	Итого
2014 жылғы 1 қаңтарға қарай қалдық		663,102,010	3,805,875	666,907,885
Жылдың кірісі		-	3,077,683	3,077,683
Жылдың жиынтық табысы барлығы		-	3,077,683	3,077,683
Акциялардың эмиссиясы	11	55,216,702	-	55,216,702
2014 жылғы 31 желтоқсанға қарай қалдық		718,318,712	6,883,558	725,202,270
Жылдың кірісі		-	23,422,302	23,422,302
Жылдың жиынтық табысы барлығы		-	23,422,302	23,422,302
Акциялардың эмиссиясы	11	40,000,000	-	40,000,000
2015 жылғы 31 желтоқсанға қарай қалдық		758,318,712	30,305,860	788,624,572

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Ақшалай қаражаттың қозғалуы туралы жекелеген есеп

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ескер ту	2015	2014
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалуы			
Алынған проценттер		1,200,496	387,543
Төленген проценттер		(404,251)	(50,000)
Алынған дивиденд	13	24,367,476	4,173,036
Персоналды ұстауға төленген шығын		(1,391,067)	(1,327,743)
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығындар		(2,026,056)	(1,329,780)
Төленген табыс салығы		(181,439)	(15,000)
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражаттың таза қозғалуы		21,565,159	1,838,056
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың қозғалуы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(65,404)	(93,256)
Еншілес кәсіпорындардың капиталына инвестициялар	9	(55,400,000)	(45,150,000)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(58,113)	(93,969)
Депозиттерді орналастыру		(18,990,000)	(650,000)
Депозиттерді өтеу		9,830,000	-
Еншілес кәсіпорындарға несие ұсыну	8	(315,595,125)	(273,000,000)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражаттың таза қозғалуы		(380,278,642)	(318,987,225)
Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың қозғалуы			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсімдер	10	315,595,125	273,000,000
Жай акциялардың эмиссиясы	11	40,000,000	45,000,000
Қаржы қызметінен алынған ақшалай қаражаттың таза қозғалуы		355,595,125	318,000,000
Айырбастау бағамының ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына ықпалы		-	(861)
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза (көмуі)/өсуі		(3,118,358)	849,970
Жыл басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары		3,235,141	2,385,171
Жыл соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	6	116,783	3,235,141

1 Кіріспе

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Холдингтік компания») «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды. 2015 және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің түпкілікті бақылайтын тарабы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдинг он бір еншілес кәсіпорынның тікелей акционері болып табылады (2014 жылғы 31 желтоқсан: он бір).

2013 жылдың 29 мамырында Холдингтік компания және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлікпен басқаруға «Қазақстанның Даму Банкі» (әрі қарай – «ҚДБ» АҚ), «Қазақстанның Инвестициялық қоры» (әрі қарай – «ҚИҚ» АҚ), «ҚазЭкспортГарант» экспорттық сақтандыру корпорациясы» (әрі қарай – «ҚЭГ» АҚ), «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» (әрі қарай – «Даму» ҚДҚ) және «Қазына Капитал Менеджмент» (әрі қарай – «ҚКМ» АҚ) акционерлік қоғамдарының акциялар пакетін беру туралы шартқа қол қойды, осы шартқа сәйкес Холдингтік компания сенімгер басқарушы рөлінде шықты. 2013 жылдың тамыз және қазан айлары бойы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың акциялар пакетін Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне өзге акционерлік қоғамдардың акциялар пакеттері мен мүліктеріне айырбастап, берді.

2013 жылдың 17 маусымында Холдингтік Компания және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (әрі қарай – «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті») кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлікпен басқаруға «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» (әрі қарай – «ТДҰА» АҚ), «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» (әрі қарай – «ҚТҰҚЖБ» АҚ), «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» (әрі қарай – «ҚИК» АҚ), «Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» (әрі қарай – «ҚИНКБҚ» АҚ) және «Бәйтерек Девелопмент» (әрі қарай – «БД» АҚ) акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетін беру туралы шартқа қол қойды, осы шартқа сәйкес Холдингтік компания сенімгер басқарушы рөлінде шықты.

2013 жылдың тамыз және қазан айлары ішінде Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жоғарыда көрсетілген он кәсіпорынның акциялар пакеттерін Холдингтік компанияның жалпы сомасы 632,615,460 мың теңге болатын жай акцияларына айырбас ретінде акционерлік капиталына жарна қылып енгізді, және 30,486,550 теңге көлемінде ақшалай жарна жасап, оны кейіннен Холдингтік Компания «ҚДБ» АҚ және «ҚКМ» АҚ акционерлік капиталдарына енгізді.

2014 жылдың 19 наурызында Холдингтік Компания «Қазақстанның мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ-мен бірге «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС-ін (әрі қарай – «МЖӨ ЖСО» ЖШС-і) құрды. Холдингтік компания «МЖӨ ЖСО» ЖШС-нің жарғылық капиталына қатысу үлесінің 75% құрайтын 150,000 мың теңге көлемінде жарна енгізді.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 964 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті Холдингтік компанияның акционерлік капиталына салым ретінде «ҚИК» АҚ акцияларының 26% берді. Мәміле сомасы 10,216,702 мың теңге құрады, номиналдық құны бір акцияға 1,000 теңге құрайтын жалпы саны 10,216,701 берілген акция және номиналдық құны бір акцияға 608 теңге құрайтын 1 акция.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойы Холдингтік компания 45,000,000 мың теңге мөлшерінде ақшалай жарна алды және «ҚКМ» АҚ, «ҚДБ» АҚ акционерлік капиталдарына және «МЖӨ ЖСО» ЖШС-нің жарғылық капиталына қосымша жарналарды жүзеге асырды.

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойы Холдингтік Компания 40,000,000 мың теңге мөлшерінде ақшалай жарна алды және «ҚДБ» АҚ және «ҚИҚ» АҚ акционерлік капиталдарына қосымша жарналарды жүзеге асырды.

Негізгі қызметі

Холдингтік Компанияның миссиясы шикізаттық емес секторды қаржылық-инвестициялық қолдау, ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және оны әртараптандыру, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту және еншілес кәсіпорындарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Холдингтік Компания «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын, «Өнімділік-2020» мемлекеттік бағдарламасын, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын, өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта бизнесті қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасын, «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылар - ұлттық чемпиондары» мемлекеттік бағдарламасын, «100 нақты қадам» ұлт жоспарын жүзеге асыру арқылы дамыту институттарының көмегімен мемлекеттің стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді қатысады.

1 Кіріспе (жалғасы)

Негізгі қызмет (жалғасы)

Өз қызметінде Холдингтік Компания индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнімнің экспортын алға жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді жүзеге асыру және халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған басқа да міндеттерді басшылыққа алады.

Төменде Холдингтік Компанияның негізгі еншілес кәсіпорындары ұсынылды:

Еншілес кәсіпорынның атауы	Аббревиату- расы	Тіркелу мемлекеті	Иелену үлесі, %	
			31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ы	«ҚДБ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ы	«ИФК» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«ҚазЭкспортГарант» экспорт-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ы	«ҚЭГ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы	«Даму» ҚДҚ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-ы	«ТДҰА» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ы	«ҚКМ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-ы	«ҚТҰҚЖБ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ-ы	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы	«ҚИНКБҚ» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Байтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ-ы	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС-і	«МЖӘ ЖСО» ЖШС-і	Қазақстан Республикасы	75.00	75.00

Холдингтік Компанияның тіркелген мекенжайы және қызметті жүргізу орны. Холдингтік Компанияның заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асырудың нақты орны Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, Б блогы болып табылады.

Есептілікті ұсыну валютасы. Егер өзгеше көрсетілмесе, осы жекелеген қаржылық есептілік мыңдаған қазақстандық теңгемен ұсынылған.

2 Холдингтік Компания қызметі жүзеге асырылатын экономикалық орта

Холдингтік Компанияның қызметі, көбінесе, Қазақстан Республикасында жүзеге асырылады. Тиісінше, Холдингтік Компания дамып келе жатқан нарықтық экономикасы бар елдердің сипаттамаларын бейнелейтін Қазақстан Республикасының экономикалық және қаржы нарықтарына тән тәуекелдерге ұшырайды. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелері әлі даму үстінде, алайда олардың талаптарын талқылау біркелкілік емес тәуекелімен байланысты, оған қоса жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл жайт басқа заңдық және салықтық кедергілермен қатар, Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемаларды жасайды. Оған қоса, қазақстандық теңгенің жуырда айтарлықтай құнсыздануы және дүниежүзілік нарықтарда мұнай бағасының түсуі шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайының тұрлаусыздық деңгейін арттырды.

Қоса берілген жекелеген қаржылық есептілік Холдингтік Компания басшылығының қаржы-шаруашылық қызметті жүргізудің қазіргі шарттарының Холдингтік Компания қызметі мен қаржылай жағдайына қалай ықпал ететіні жөніндегі көзқарасын білдіреді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының кейінгі дамуы басшылықтың оларды бағалағанынан басқаша болуы мүмкін.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау

Есептілікті ұсыну негіздері. Бұл жекелеген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес әділ құн бойынша есеп жүргізу ережелерінің негізінде, қаржы құралдарының әділ құн бойынша алғашқы мойындалуына түзетуді ескере отырып дайындалған. Бұл жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есептік саясаттың қағидалары төменде келтірілген.

Одан басқа, Холдингтік Компания шоғырландырылған қаржылық есептілікті Холдингтік Компанияға және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты ХҚЕС сәйкес дайындады. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Холдингтік Компанияның кеңсесінде мына мекенжай бойынша жатыр: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 8, Б блогы.

Қызметтің толассыздығы. Басшылық осы жекелеген қаржылық есептілікті қызметтің толассыздығы туралы болжам негізінде дайындады.

Қаржы құралдары – бағалауға негізгі әдістер. Қаржы құралдары өз топтастырылуына байланысты әділ құн не амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау әдістерінің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ құн – бағалау күніне қарай нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операцияларды жүргізу кезінде активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнның ең жақсы расталуы белсенді нарықта белгіленген баға болып табылады. Белсенді нарық – бұл активпен не міндеттемемен операциялардың жеткілікті жиілікпен және тұрақты негізде бағалар туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін жеткілікті көлемде жүргізілуін көздейтін нарық.

Белсенді нарықта айналатын қаржы құралдарының әділ құны жекелеген активке белгіленген бағаны көбейту кезінде алынған сома не кәсіпорын ұстап қалатын, олардың санына көбейтілетін міндеттеме ретінде бағаланады. Тіпті нарықтың кәдімгі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорынның активтері мен міндеттемелерін жұтуға жеткіліксіз, ал жекелеген операцияда позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру белгіленген бағаға ықпал етуі мүмкін болған жағдайдың өзінде ахуал осындай.

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша талқыланады және мынадай әдіспен таратылады: (i) 1-деңгейге бірдей активтер не міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленген (түзетілмейтін) бағасы бойынша бағалар жатады, (ii) 2-деңгейге – барлық пайдаланылатын қолданыстағы бастапқы деректер не тікелей (мәселен, баға), не жанама (мәселен, баға негізінде есептелген) түрде актив не міндеттеме (яғни, мәселен, баға) үшін байқалатын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынған бағалар және (iii) 3-деңгейдегі бағалар, олар байқалатын нарықтық деректерге ғана негізделмейтін бағалар болып табылады (яғни, бағалау үшін байқалмайтын бастапқы деректердің айтарлықтай көлемі талап етілсе).

Өзіндік құн төленген ақшалай қаражаттың не олардың баламаларының сомасын не сатып алу күніне қарай активті сатып алу үшін ұсынылған басқа ресурстардың әділ құнын білдіреді және *мәміле бойынша жұмсалған қаражатты* қамтиды. Өзіндік құн бойынша бағалау нарықта белгіленген бағасы жоқ және әділ құны сенімді түрде бағалануы мүмкін емес үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты ғана және ашық нарықта белгіленген бағасы жоқ осындай үлестік құралдармен байланысты және осындай үлестік құралдармен өтелуге жататын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Мәміле бойынша жұмсалған қаражат қаржы құралын сатып алуға, шығаруға не шығарып тастауға қатысты қосымша жұмсалған қаражат болып табылады. Қосымша жұмсалған қаражат – бұл егер де мәміле орын алмаған жағдайда жұмсалмайтын қаражат. Мәміле бойынша жұмсалған қаражат агенттерге (оның ішінде, сауда агенті ретінде шығатын қызметшілер), кеңес берушілерге, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақы мен сомалар, реттейтін органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншікті беру кезінде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды.

Мәміле бойынша жұмсалған қаражат борыш міндеттемелері бойынша сыйлықақыларды не борыштық міндеттемелер бойынша дисконттарды, қаржыландыруға жұмсалған қаражатты, ішкі әкімшілік шығындарға не сақтауға жұмсалған қаражатты қамтымайды.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Амортизациялық баға негізгі қарыздың төлемдерін шегере отырып, бірақ есептелген проценттерді қамти отырып, ал қаржы активтері үшін – құнсызданудан орын алған шығыстардың кез келген есептен шығарылуын шегере отырып, активтің бастапқы бағасын білдіреді. Есептелген проценттер бастапқы тану кезінде мәміле бойынша кейінге қалдырылған жұмсалған қаражаттың, сондай-ақ проценттің тиімді ставкасы әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйақылардың не дисконттардың амортизациясын қамтиды. Есептелген купон табысын және амортизацияланған дисконтты не сыйақыны (оның ішінде, егер болған жағдайда, ұсыну кезінде кейінге қалдырылған комиссияны) қоса алғанда, есептелген проценттік табыс және есептелген проценттік шығын бөлек көрсетілмей, қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

Тиімді проценттік ставка әдісі – бұл құралдың баланстық құнына әрбір кезеңде тұрақты проценттік ставканы (проценттің тиімді ставкасын) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңнің ішінде проценттік табыстарды не проценттік шығындарды тану әдісі.

Тиімді проценттік ставка – бұл қаржы құралы қызметінің күтілетін мерзіміне немесе, тиісті жағдайларда, қаржы құралының таза баланстық құнына дейін анағұрлым қысқа мерзімге есептік болашақ ақшалай төлемдерді не түсімдерді (несие бойынша болашақтағы шығыстар қосылмайды) дисконттаудың нақты ставкасы. Тиімді проценттік ставка осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі ставка бойынша немесе нарықтық мәніне қарамастан белгіленетін басқа ауыспалы факторлар бойынша несиелік спредті көрсететін, сыйақы не дисконтты қоспағанда, процент өзгеруінің келесі күніне дейін өзгермелі ставкамен құралдар бойынша ақшалай ағымдарды дисконттау үшін қолданылады. Осындай сыйақылар не дисконттар құрал айналымының бүкіл күтілетін мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген бағаның есебі тиімді проценттік ставканың ажырамас бөлігін құрайтын, шарт бойынша тараптар төлеген не алған барлық сыйақылар мен сомаларды қамтиды.

Қаржы құралдарының бастапқы танылуы. Өзгерістері белгілі бір кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын саудалық бағалы қағаздар, туынды және басқа да қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша жұмсалған қаражатты қоса алғанда, әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнның ең жақсы расталуы операцияның бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі кіріс не шығыс, егерде әділ құн мен операцияның құны арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі, оны нарықта дәл сол құралмен байқалатын басқа ағымдағы мәмілелер немесе негізгі деректер негізінде тек байқалатын нарықтардың деректерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі растауы мүмкін.

Жеткізілуі заңнамада не аталған нарық үшін іскерлік айналым дәстүрлерімен белгіленген мерзімдерде жүргізілуі тиіс, қаржы активтерін сатып алу және сату («қалыпты шарттармен» сатып алу және сату) мәмілені жасасу күніне қарай, яғни Холдинг қаржы активін сатуға не сатып алуға міндеттеңген күні көрсетіледі. Кәсіпорын аталған қаржы құралына қатысты шарттың бір тарабына айналған кезде, сатып алу бойынша барлық басқа операциялар мойындалады.

Холдинг валюталық своптардың, валюталық форвардтардың, белсенді нарықта айналмайтын, байланысты тараптардың несиелерінің әділ құнын анықтау үшін ақшалай ағымдардың дисконтталған келтірілген бағасы сияқты бағалау әдістерін пайдаланады. Операцияның бағасына тең болып қабылданатын, бастапқы тану кезіндегі әділ құн және бағалау әдісінің көмегімен белгіленген сома арасында айырмашылықтардың пайда болу мүмкіндігі бар. Осындай айырмашылықтар бастапқыда өзге активтердің не өзге міндеттемелердің құрамында танылады, ал кейіннен валюталық своптардың, валюталық форвардтардың, байланысты тараптар несиелерінің қолданыс мерзімі бойы бірдей амортизацияланады.

Қаржы активтерінің танылуын тоқтату. Холдинг қаржы активтерінің танылуын (а) осы активтер өтелген кезде немесе осы активтермен байланысты ақшалай ағымдарға құқықтар өзге әдіспен аяқталған болса, немесе (б) Холдинг қаржы активтерінен ақшалай ағымдарға құқықтарды берген кезде немесе беру туралы келісім жасасқан кезде және бұл ретте (i) мәні бойынша осы активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы берген болса, немесе (ii) мәні бойынша осы активтерді иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермеген және сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған жағдайларда, тоқтатады. Егер сатуға шектеулер енгізілмей, контрагенттің байланысты емес үшінші тарапқа активті толықтай сату мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

Ақшалай қаражат және олардың баламалары. Ақшалай қаражат және олардың баламалары қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын баптар болып табылады және бағасының елеусіз өзгеруіне ұшырайды. Банктердегі үш айдан кем алғашқы өтелу мерзімі бар барлық орналастырулар мен депозиттер. Ұсыну сәтіне қарай үш айдан астам мерзімге пайдалану бойынша шектеулері бар қаражат ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының құрамынан шығарылып тасталады. Ақшалай қаражат және олардың баламалары амортизацияланған баға бойынша көрсетіледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер. Холдингтік Компания сатып алу немесе туынды қаржы құралдарымен байланысты емес және белгіленген немесе белгіленетін күнге қарай өтелуге жататын, ашық нарықта белгіленген бағасы жоқ дебиторлық берешекті құру мақсатымен және бұл ретте, Холдингтік Компанияның осы дебиторлық берешекпен сауда операцияларын жасауға ниеті жоқ, аванс төлемдері түрінде еншілес кәсіпорындарға ақшалай қаражатты ұсынған жағдайда, еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер ескеріледі. Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер амортизациялық баға бойынша ескеріледі.

Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар. Холдингтік Компанияның бақылауындағы инвестициялар нысандары еншілес кәсіпорындар болып табылады. Егер Холдингтік Компания инвестициялар нысанына қатысуынан ауыспалы табыспен байланысты тәуекелге ұшырайтын болса немесе осындай табысты алу құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар нысанына қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген табыстың мөлшеріне ықпал жасау қабілеті болса, Холдингтік Компания инвестициялар нысанын бақылайды. Жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға инвестицияларды құнсыздандуды шегере отырып, нақты баға бойынша есептейді. Еншілес кәсіпорындарға инвестициялардың нақты бағасы 9-ескертуде ашылған.

Негізгі құралдар. Негізгі құралдар негізгі құралдардың жинақталған амортизациясын және құнсыздандудан жинақталған шығыстарды (егер қажет болса) шегере отырып, өзіндік баға бойынша ескеріледі.

Елеусіз жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығындар пайда болған сайын ескеріледі. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығындар ауыстырылған компонентті кейіннен есептен шығара отырып, капиталдандырылады.

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын айқындайды. Құнсыздану белгілері болған жағдайда басшылық өтелетін құнның бағалауын жүргізеді, ол сатуға жұмсалған қаражатты шегере отырып, активтің әділ құнынан және пайдалану бағасынан ең үлкені сияқты анықталады. Баланстық құны өтелетін бағасына дейін азайтылады, ал құнсыздандудан шығыс жылдың кірісіне не шығысына жатады. Алдыңғы кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсыздандудан шығыс қалпына келтіріледі, егер пайдаланудан бағаны айқындау үшін қолданылған бағалар не сатуға жұмсалған қаражатты шегере отырып, оның әділ құны өзгертілген болса.

Баланстық құны бар түсімнің сомаларын салыстыру арқылы анықталатын, шығып кету кірісі не шығысы жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі (өзге операциялық кірістер не шығыстар құрамында).

Амортизация. Өзге негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдісті пайдалана отырып, яғни активті пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде қалдық бағасына дейін бағасын біртіндеп түсіріп, есептеледі:

Пайдалы қолдану мерзімі, жыл

Көлік құралдары	5 - 7
Кеңселік және компьютерлік жабдық	2 - 10
Өзге	3 - 20

Активтің қалдық құны – бұл егерде актив пайдалы қолдану мерзімінің соңына және пайдалы қолдану мерзімінің соңына тән жағдайға жеткен, шығып кетуге жұмсалатын қаражатты шегере отырып, Холдинг ағымдағы сәтте активтің шығып кетуінен алуы мүмкін есептік сома. Активтің қалдық құны және оларды пайдалы қолдану мерзімі әрбір есептік кезеңнің соңында қайта қаралады және, егер қажеттілік болса, түзетіледі.

Материалдық емес активтер. Холдингтік Компанияның материалдық емес активтерінің белгілі бір пайдалы қолдану мерзімі бар және, көбінесе, капиталдандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді және өзге сатып алынған лицензияларды қамтиды. Бағдарламалық қамсыздандыруға сатып алынған лицензиялар аталған бағдарламалық қамсыздандыруды сатып алуға және енгізуге жұмсалған қаражат негізінде капиталдандырылады. Холдингтік Компания бақылайтын сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамсыздандырумен тікелей байланысты, әзірлеуге жұмсалған қаражат, егер қосымша экономикалық пайдалардың сомасы жұмсалған қаражаттан асып кетеді деген болжам болса, материалдық емес активтер сияқты көрсетіледі. Капиталдандырылған жұмсалған қаражат бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеушілердің тобын ұстауға шығындарды және ілеспелі шығындардың тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамсыздандыруға байланысты барлық өзге жұмсалған қаражат (мәселен, оған қызмет көрсетуге), олар орын алған сайын ескеріледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Материалдық емес активтер активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде желілік әдіспен амортизацияланады:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Компьютерлік бағдарламалық жасақтамаға лицензиялар және патенттер	3 – 20
Өз бетімен әзірленген бағдарламалық жасақтама	1 - 14
Өзге	2 - 15

Операциялық жалдау. Холдингтік Компания жалға алушы ретінде шығып және жалға беруші жалдау объектілерін иеленуден тәуекелдер мен табыстарды Холдингтік Компанияға бермеген кезде, операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалдау мерзімі бойы біртіндеп есептен шығару әдісі пайдалана отырып, жылдың кірісінде не шығысында (жалдау бойынша шығындар сияқты) көрсетіледі.

Басқа шарттарға енгізілген жалдау, егер (а) шарттың орындалуы нақты активтің не активтердің пайдаланылуымен байланысты және (б) шарт активті пайдалану құқығын беруді көздейтін болса, бөлінеді.

Активтер операциялық жалдауға берілген кезде, алуға жалгерлік төлемдер жалдау мерзімі бойы біртіндеп есептен шығару әдісі пайдалана отырып, жалдаудан түскен табыс сияқты көрсетіледі.

Табыс салығы. Жекелеген қаржылық есептілікте салық ставкаларын және есептік кезеңнің соңында қолданылған не іс жүзінде күшіне енген заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнама талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығындар көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындар өзінде ағымдағы салықтар бойынша шығынды/табысты және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығындарды/табыстарды қамтиды және егер олар өзге жиынтық табыстың немесе тікелей капиталдың құрамында сол не басқа кезеңде көрсетілген операцияларға жататынына байланысты өзге жиынтық табыстың немесе тікелей капиталдың құрамында көрсетілмесе, жылдың кірісінде не шығысында көрсетіледі.

Ағымдағы салық салық органдарына төленуге немесе ағымдағы және одан алдын болған кезеңдер үшін салық салынатын кіріске не шығысқа қатысты салық органдарына өтелуге күтілетін табыс салығының сомалары негізінде есептеледі. Егер шоғырландырылған қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілетін болса, салық салынатын кіріс не шығыс бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығын қоспағанда, салықтар бойынша өзге шығындар әкімшілік және өзге операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы және олардың баланстық құны арасында кейінге қалдырылған салық шығысы мен уақыт айырмашылықтарына қатысты баланстық міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бастапқы тану үшін ерекшелікке сәйкес кейінге қалдырылған салық, егер бастапқы тану кезінде бизнесті бірікті нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларын қоспағанда, мәміле не бухгалтерлік, не салық салынатын кіріске ықпал етпесе, активті не міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты ескерілмейді. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер есептік кезеңнің соңында қолданылатын не іс жүзінде әрекет ететін және күтілетіндей, уақыт айырмашылықтары не кейінге қалдырылған салық шығыстары жүзеге асырылатын кезеңде қолданылатын салық салу ставкаларын пайдалана отырып, анықталады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер Холдингтің әрбір жеке компаниясы аясында ғана өзара ескеріледі.

Салық салу базасын азайтатын уақыт айырмашылықтары бойынша кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық шығыстары оған қарсы салық салынатын уақыт айырмашылықтары пайдалануы мүмкін салық салынатын кірісті алу ықтималдығының болу дәрежесінде ғана көрсетіледі.

Белгіленбеген салық позициялары. Басшылық Холдингтік Компаниясының белгіленбеген салық позицияларын әрбір есептік кезеңнің соңында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық, егер салық органдары Холдингтің салық позициясын даулайтын болса, қосымша салық міндеттемелерінің пайда болуы мүмкін деп санаған жағдайларда ескеріледі. Осындай бағалау есептік кезеңнің соңына қарай қолданылған не іс жүзінде күшіне енген салық заңнамасын және осындай мәселелер бойынша соттың кез келген белгілі бір қаулысын не өзге шешімін талқылау негізінде орындалады. Табыс салығын қоспағанда, айыппұлдар, өсімақылар мен салықтар бойынша міндеттемелер есептік кезеңнің соңына қарай міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындарды басшылықтың ең үздік бағалауы негізінде көрсетіледі.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Холдингтік Компанияның қазақстандық теңмен шығарған облигацияларын қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизациялық баға бойынша көрсетіледі.

3 Есептік саясаттың қағидаларын қысқаша баяндау (жалғасы)

Мемлекеттік субсидиялар. Мемлекеттік субсидиялар Үкімет, мемлекеттік агенттіктер және мемлекеттік ұйымдар Холдингтік Компанияның операциялық қызметіне жататын, өткенде не болашақта белгілі бір шарттарды орындауға айырбастау үшін Холдингтік Компанияға ресурстарды аудару нысанында ұсынылатын көмекті білдіреді. Холдингтік Компания осы субсидияларға байланысты барлық шарттарды орындайды және көрсетілген субсидияларды алады дегенде негізделген сенімділік болмаса ғана, мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Өтеуді талап етуі шарттар болған жағдайда, субсидиялар өзге міндеттемелердің құрамында танылады.

Нарықтан төмен сыйақы ставкасы бойынша мемлекеттік займды алудан пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Нарықтан төмен сыйақы ставкасынан пайда займның бастапқы баланстық құны және түсімдер сомасы арасындағы айырмашылық сияқты бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар белгілі бір кезеңдер ішінде жүйелі негізде кіріс не шығыс құрамында танылады, осы кезеңдерде Холдингтік Компания шығындар ретінде субсидиялардың қаражаты өтеуге арналған тиісті жұмсалған қаражатты таниды.

Міндеттемелер мен аударымдарға арналған резервтер. Міндеттемелер мен аударымдарға арналған резервтер белгісіз мерзімі не сомасы бар қаржылық емес сипаттағы міндеттемелерді білдіреді. Резервтер Холдингтік Компанияның қандай да бір өтіп кеткен оқиға нәтижесінде пайда болған міндеттемесі (заңдық немесе қалыптасқан тәжірибемен айқындалған міндеттеме (конклюденттік)) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бұл ретте міндеттемені реттеу үшін Холдингтік Компанияға экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығып кетуі және міндеттеменің мөлшеріне сенімді бағалауды жүргізу талап етілуі мүмкін.

Өнім берушілермен есеп айырысулар және өзге кредиторлық берешек. Контрагент өзінің міндеттемелерін орындаған кезде кредиторлық берешек мойындалады және амортизацияланған бағасы бойынша көрсетіледі.

Акционерлік капитал. Міндетті өтелуге жатпайтын және олар бойынша басшылықтың қалауы бойынша дивидендтер жарияланатын жай акциялар капитал сияқты көрсетіледі. Жаңа акциялардың эмиссиясына тікелей жататын қосымша жұмсалған қаражат капиталда түсімнің азайғаны (салық ескерілмей) сияқты көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құны шығарылған акциялардың номиналдық құнынан асып кететін сома капиталда эмиссиялық табыс сияқты көрсетіледі.

Табыстар мен шығындарды көрсету. Барлық борыштық құралдар бойынша проценттік табыстар мен шығындар проценттің тиімді ставкасының өдісін пайдалана отырып, есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есеп проценттік табыстар мен шығындарға шарт тараптары төлеген және алған және проценттің тиімді ставкасының ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша жұмсалған қаражатты, сондай-ақ барлық өзге сыйлықақыларды не жеңілдіктерді қамтиды.

Тиімді проценттік ставкасыға жататын комиссиялар қаржы активін қалыптастыруға немесе сатып алуға не қаржы міндеттеменің шығарылуына (мәселен, несиені қабілеттілігін бағалау, кепілдікті не қамтамасыз етуді бағалау не есептеу, құралды ұсыну шарттарын реттеу және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссиялық) байланысты алынған не төленген комиссияларды қамтиды. Холдингтік Компания нарықтық ставка бойынша несиені ұсыну бойынша міндеттемені шығару үшін алған комиссиялары проценттің тиімді ставкасының ажырамас бөлігі болып табылады, егер Холдингтік Компания нақты несиелік келісім жасайды және несиені ұсынғаннан кейін қысқа мерзім ішінде оның сатылуын жоспарламайды деген ықтималдық болса. Холдингтік Компания несиені ұсыну бойынша міндеттемені өзгерістері кіріс не шығыс құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемесі ретінде топтастырмайды.

Берілген несиелер мен өзге борыштық құралдарды уақытында өтеуде күмән туындаған жағдайда, олар құнсыздану сомасын анықтау мақсатында болашақ ақшалай ағымдарды дисконттау үшін қолданылған проценттің тиімді ставкасы негізінде проценттік табысты кейіннен көрсете отырып, өтелетін бағасына дейін есептен шығарылады.

Барлық өзге комиссиялық табыстар, өзге табыстар және өзге шығындар, әдеттегідей, ұсынылуы тиіс қызметтердің жалпы көлемінде іс жүзінде көрсетілген қызметтің үлесі сияқты анықталатын нақты мәміленің аяқталу дәрежесіне қарай есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Синдикатталған несиелер үшін комиссия синдикаттау операциясы аяқталып, Холдингтік Компания өзіне несиелік пакеттің бөлігін қалдырмаған жағдайда немесе Холдингтік Компания мәмілеге басқа қатысушылар сияқты проценттің дәл сол тиімді ставкасы бойынша пакеттің бір бөлігін қалдырған жағдайда, табыс сияқты көрсетіледі.

Шетелдік валютаны қайта бағалау. Холдингтік Компанияның функционалдық валютасы және Холдингтік Компанияның жекелеген қаржы есептілігін ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, қазақстандық теңге болып табылады.

Персоналды ұстауға шығындар және олармен байланысты аударымдар. Еңбекақыға шығындар, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, ақысы төленетін жыл сайынғы

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

демалыстар және ауру бойынша ақысы төленетін демалыс, сыйлықақылар және ақшалай емес нысандағы жеңілдіктер Холдингтік Компания қызметшілеріне тиісті қызметтерді көрсеткен сайын есептеледі. Белгіленген жарналары бар мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, Холдингтік Компанияның зейнетақыны не ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден шығатын міндеттемелері жоқ.

Өтімділік тәртібінде қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің баптарын ұсыну. Холдингтік Компанияның нақты белгіленетін операциялық циклі жоқ және сондықтан Холдингтік Компания қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді жеке ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер 17-ескертуде өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша ұсынылған.

Шығарғаннан кейін жекелеген қаржылық есептілікке өзгерістерді енгізу. Шығарылғаннан кейін осы жекелеген қаржылық есептіліктегі кез келген өзгерістер есептілікті шығаруға рұқсат берген Холдингтік Компанияның Директорлар Кеңесінің келісімін талап етеді.

4 Маңызды есептік бағалар және есепті саясатты қолданудағы кәсіби пайымдар

Холдинг жекелеген қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға және келесі қаржылық жылы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына ықпал ететін есептік бағалар мен болжамдарды жүргізеді. Есептік бағалар мен пайымдар басшылық тәжірибесі және басшылықтың пайымдауына, ағымдағы мән-жайлар төңірегінде негізделген болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарды қоса алғанда, басқа факторлар негізінде үнемі талқыланады. Сондай-ақ басшылық есептік саясатты қолдану процесінде кәсіби пайымдар мен бағаларды пайдаланады. Жекелеген қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға ең қатты ықпал ететін кәсіби пайымдар және нәтижесі келесі қаржы жылы бойы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын айтарлықтай түзету болуы мүмкін бағалар мыналарды қамтиды:

Салық заңнамасы. Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы оны әртүрлі талқылау мүмкіндігіне жол береді (18-ескертуде).

Мемлекеттік даму бағдарламалары бойынша нарықтан төмен ставкалар бойынша тартылған және орналастырылған қаражатты бастапқы тану. 2015 жылы экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді және тартылған қаражатты есепке алу мен бағалауға деген көзқарас 8 және 10-ескертуде ашылған.

Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы тану. Холдингтік Компания өзінің қарапайым қызметі барысында байланысты тараптармен операцияларды жүргізеді. ХҚЕС 39 сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша көрсетілуі тиіс. Осындай операциялар белсенді нарық болмаған жағдайда нарықтық не нарықтық емес проценттік ставкалар бойынша операциялардың іске асырылғанын анықтау үшін кәсіби пайымдар пайдаланады. Пайымдар үшін негіздеме байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді проценттік ставканың талдауы болып табылады.

5 Жаңа есептік ережелер

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсініктемелер қолданысқа енгізілмеген және осы жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылмаған. Көрсетілген жаңа ережелерден мынадай стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер Холдингтік Компанияның қызметіне ықпал етуі мүмкін. Холдингтік Компания көрсетілген стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді олардың қолданысқа ену сәтінен бастап қолдануды жоспарлайды.

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» бірнеше кезеңмен шығарылған және ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартын ауыстырады. ХҚЕС (IFRS) 9 бірінші бөлігі 2009 жылдың қарашасында шығарылған және қаржы активтерін топтастыру мен бағалау мәселелеріне қатысты. Қаржы міндеттемелерін топтастыру мен бағалау мәселелеріне қатысты екінші бөлік 2010 жылдың қазан айында жарық көрді. Хеджирлеу операцияларын есепке алудың жалпы тәртібіне қатысты үшінші бөлік 2013 жылдың қарашасында шықты. Қаржы стандарты 2014 жылдың толықтырылып, жарияланды. Соңғы өзгерістері өзінде «күтілетін несиелік шығындар» бойынша құнсызданудан шығыстарды есептеудің жаңа үлгісін қамтиды. Холдингтік Компания жаңа стандарттың қаржы құралдарын есепке алу процесіне айтарлықтай өзгерістерді енгізетінін және, жекелеген қаржылық есептілікке елеулі ықпал ететінін мойындайды. Холдинг осы өзгерістердің ықпалына бағалау жүргізбеді. Холдингтік Компания осы стандартты мерзімінен бұрын қолданбайды. Стандарт 2018 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан да кеш қолданыла бастайтын жылдық есепті кезеңдерге қатысты кейбір нормаларды қоспағанда, ретроспективалық қолдануға жатады.
- Алуан түрлі «ХҚЕС жетілдірулер» әрбір стандартқа қатысты жеке қаралады. Ұсыну, тану не бағалау мақсатында бухгалтерлік есепті жүргізудегі өзгерістерге әкелетін барлық түзетулер 2015 жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізіледі. Холдингтік Компания өзінің қаржылық жағдайына не қызмет нәтижелеріне жетілдірулердің ықтимал ықпалына талдау жүргізбеді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

6 Ақшалай қаражат және олардың баламалары

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
Ағымдағы шоттар	116,783	126,049
Талап ету депозиттер	-	3,109,092
Ақшалай қаражат және олардың баламаларының барлығы	116,783	3,235,141

Төменде кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингінің немесе Moody's не Fitch агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Ағымдағы шоттар
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>	
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (әрі қарай – «ҚРҰБ»)	20,625
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингпен	96,158
Ақшалай қаражат және олардың баламаларының барлығы	116,783

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Standard and Poor's» рейтингінің немесе «Moody's» не «Fitch» агенттіктерінің рейтингілері негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларының талдауы ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап ету депозиттері	Ағымдағы шоттар	Барлығы
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>			
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингпен	1,902,592	126,049	2,028,641
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингпен	1,206,500	-	1,206,500
Ақшалай қаражат және олардың баламаларының барлығы	3,109,092	126,049	3,235,141

Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының проценттік ставкаларының талдауы 17-ескертуде ұсынылған.

7 Депозиттер

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
Банктердегі үш айдан артық бастапқы өтелу мерзімі бар депозиттер	11,586,577	2,364,108
Депозиттер барлығы	11,586,577	2,364,108

Депозиттер қамтамасыз етілмеген. Төменде 2015 жылғы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша депозиттердің талдауы келтірілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздалмаған</i>		
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі рейтингпен	4,462,573	-
- «B-» бастап «B+» дейінгі рейтингпен	7,124,004	2,364,108
Депозиттер барлығы	11,586,577	2,364,108

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

8 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер

	Номиналдық құны		Баланстық құны	
	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>				
- «ҚДБ» АҚ	235,000,000	100,000,000	72,877,160	29,521,257
- «Даму» ҰӘҚ» АҚ	200,000,000	150,000,000	63,859,047	45,842,265
- «БД» АҚ	61,095,125	23,000,000	45,298,688	17,800,163
- «ҚИК» АҚ	92,500,000	-	14,687,024	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер барлығы	588,595,125	273,000,000	196,721,919	93,163,685

2015 жылы Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға жалпы сомасы 315,595,125 мың теңге (2014 жылы: 273,000,000 мың теңге) құрайтын несиелерді берді. Несиелер бойынша сыйақы ставкасы жылдық 0.15%, өтеу мерзімі – 2035 және 2045 жылдар.

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес 2015 жылы берілген несиелердің шарттары мынадай:

- 92,500,000 мың теңге тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және кейіннен оны жалға беру үшін сатып алу мақсатында «ҚИК» АҚ-ға несие беру үшін;

- 85,000,000 мың теңге отандық автоөндірушілерді, тікұшақ өндірушілерін және жолаушылар вагондарын өндірушілерді қаржыландыруға арналған, сондай-ақ экспорттық және экспорттан алдыңғы несиелендіру үшін лизинг және (немесе) займ тетігі арқылы қаржыландыру ұсыну мақсатында «ҚДБ» АҚ-ға несие ұсыну үшін;

- 50,000,000 мың теңге өңдеуші өнеркәсіпте ірі кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде ірі кәсіпкерлік субъектілеріне берілген екінші деңгейдегі банктердің займдарын қайта қаржыландыруға 50 % артық емес, екінші деңгейдегі банктердің займдары бойынша айналым қаражаттарын қаржыландыруға 25% артық емес, ірі кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа жобаларын қаржыландыруға 25% кем емес қаржыландыру үшін жылдық 2% аспайтын ставкасымен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде қаражатты орналастыру мақсатында «ҚДБ» АҚ-ға несие беру үшін;

- 50,000,000 мың теңге өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген екінші деңгейдегі банктердің займдарын қайта қаржыландыруға 25% артық емес, өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген екінші деңгейдегі банктердің займдары бойынша айналым қаражатын қаржыландыруға 25% артық емес және өңдеуші өнеркәсіптегі жаңа жобаларды қаржыландыруға 50% кем емес, бұл ретте тағам өнеркәсібінің жобаларын қаржыландыруға және қайта қаржыландыруға 25% кем емес әрі қарай қаржыландыру үшін «Даму» ҚДҚ» АҚ-ға несие беру үшін

- 38,095,125 мың теңге Астана қ. ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы мақсатында «VI Group Corporation» ЖШС-ін және «Люкс недвижимость Group» ЖШС-ін және сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы мақсатында «Mega Plaza» ЖШС-ін қаржыландыру үшін «БД» АҚ-ға несие беру үшін.

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес 2014 жылы берілген несиелердің шарттары мынадай болған:

- 150,000,000 мың теңге өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін әрі қарай несиелендіру үшін екінші деңгейдегі банктерде қаражатты шартты түрде үшін орналастыру «Даму» ҰӘҚ» АҚ-ға несие ұсыну үшін;

- 50,000,000 мың теңге өңдеуші өнеркәсіптегі ірі кәсіпкерлік субъектілерін әрі қарай несиелендіру үшін екінші деңгейдегі банктерде қаражатты шартты түрде орналастыру үшін «ҚДБ» АҚ-ға несие ұсыну үшін;

- 50,000,000 мың теңге Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын әрі қарай қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ-ға несие ұсыну үшін;

- 23,000,000 мың теңге Астана қ. ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы мақсатында «VI Group Corporation» ЖШС-ін және «Люкс недвижимость Group» ЖШС-ін және сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы мақсатында «Mega Plaza» ЖШС-ін қаржыландыру үшін «БД» АҚ-ға несие беру үшін.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

8 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер (жалғасы)

Бастапқы тану кезінде несиелер жылдық 5.93% бастап 7.12% дейін (2014 жылы: жылдық 5.41% бастап 6.58% дейін) өзгеретін, ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарын дисконттау үшін тиісті нарықтық сыйақы ставкасын пайдалана отырып есептелген әділ құн бойынша танылған. Холдингтік Компания әділ құн және номиналдық құны арасындағы 221,957,694 мың теңге (2014 жылы: 181,834,334 мың теңге) көлеміндегі айырмашылықты кіріс не шығыс құрамында, нарықтық ставкалардан төмен ставкалар бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде шығыс ретінде мойындады. Бұл несиелер жылдық 0.10% сыйақы (2014 жылы: жылдық 0.10%) ставкасымен және өтелу мерзімі 2034 және 2045 жылдары түсетін, теңгеде деминалданған облигацияларды шығару арқылы қаржыландырылды (10-ескертпе). Осы облигацияларды «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РМК (әрі қарай – «ҚРҰБ») Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражатынан толықтай сатып алды. Бастапқы тану кезіндегі облигациялардың әділ құны және номиналдық құны арасындағы 223,590,219 мың теңге (2014 жылы: 183,322,224 мың теңге) көлеміндегі айырмашылық еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде Холдингтік Компанияның мойындаған шығысы жазылған дәл сол жолда мемлекеттік субсидия ретінде кіріс не шығыс құрамында танылған (14-ескертпе).

9 Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар

Төменде кестеде Холдингтік Компанияның 2015 жыл бойы еншілес кәсіпорындарға салған инвестицияларының баланстық құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2014	Салым	31 желтоқсан 2015
Баланстық құны:			
«ҚДБ» АҚ	293,515,793	40,000,000	333,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	-	104,696,686
«ҚТҮҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«Даму» ҰӨҚ» АҚ	78,925,794	-	78,925,794
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ҚИК» АҚ	38,482,233	-	38,482,233
«ҚИҚ» АҚ	18,939,971	15,400,000	34,339,971
«ТДҰА» АҚ	25,533,132	-	25,533,132
«ҚЭГ» АҚ	13,018,407	-	13,018,407
«ҚИНКБҚ» АҚ	2,228,464	-	2,228,464
«МЖӨ ЖСО» АҚ	150,000	-	150,000
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар барлығы	718,382,161	55,400,000	773,782,161

Төменде кестеде Холдингтік Компанияның 2014 жыл бойы еншілес кәсіпорындарға салған инвестицияларының баланстық құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2013	Салым	31 желтоқсан 2014
Баланстық құны:			
«ҚДБ» АҚ	268,515,793	25,000,000	293,515,793
«ҚКМ» АҚ	84,696,686	20,000,000	104,696,686
«ҚТҮҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«Даму» ҰӨҚ» АҚ	78,925,794	-	78,925,794
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ҚИК» АҚ	28,265,532	10,216,701	38,482,233
«ҚИҚ» АҚ	25,533,132	-	25,533,132
«ТДҰА» АҚ	18,939,971	-	18,939,971
«ҚЭГ» АҚ	13,018,407	-	13,018,407
«ҚИНКБҚ» АҚ	2,228,464	-	2,228,464
«МЖӨ ЖСО» АҚ	-	150,000	150,000
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар барлығы	663,015,460	55,366,701	718,382,161

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

10 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>			Номиналдық құны			Баланстық құны
Орналастыр у күні	Өтеу күні		31 желтоқсан	31 желтоқсан	31 желтоқсан	31
			2015	2014	2015	желтоқсан
			2015	2014	2015	2014
KZP01Y20E920	13.03.2015, 31.03.2015	13.03.2035	170,000,000	-	51,189,243	-
KZ2C0Y20E676	14.04.2014	14.04.2034	100,000,000	100,000,000	32,242,695	30,346,124
KZ2C0Y20E775	10.12.2014	10.12.2034	100,000,000	100,000,000	31,043,928	29,223,001
KZP01Y30E879	21.01.2015, 16.02.2015	21.01.2045	92,500,000	-	14,600,543	-
KZ2C0Y20E742	30.10.2014	30.10.2034	50,000,000	50,000,000	15,263,674	14,352,834
KZP02Y20E738	26.03.2015	26.03.2035	38,095,125	-	26,432,207	-
KZP01Y20E730	15.07.2014	15.07.2034	23,000,000	23,000,000	18,681,421	17,745,426
KZP02Y20E928	29.09.2015	29.09.2035	15,000,000	-	4,298,049	-
			588,595,125	273,000,000	193,751,760	91,667,385

2015 және 2014 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның барлық шығарылған борыштық бағалы қағаздарының листингі болмады.

2015 жылы Холдингтік Компания жалпы сомасы 315,595,125 мың теңге (2014 жылы: 273,000,000 мың теңге) құрайтын облигацияларды шығарды:

- номиналдық құны 170,000,000 мың теңге құрайтын қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар, 2015 жылдың 13 және 31 наурызында екі траншпен шығарылған: тиісінше 100,000,000 мың теңге және 70,000,000 мың теңге, купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі 2035 жылдың наурыз айы. Тартылған қаражаттан 70,000,000 мың теңге лизинг және/не займ тетігі арқылы отандық автоөндірушілерді, тікұшақ өндірушілерін және жолаушылар вагондарын өндірушілерді қаржыландыруға арналған, сондай-ақ экспорттық және экспорттан алдыңғы несиелендіру, 50,000,000 мың теңге өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс жасайтын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға, 50,000,000 мың теңге ірі кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа жобаларын қаржыландыруға арналған.

- номиналдық құны 92,500,000 мың теңге құрайтын қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар, 2015 жылдың 21 қаңтарында және 2015 жылдың 16 ақпанында екі траншпен шығарылған: тиісінше 50,600,000 мың теңге және 41,900,000 мың теңге, купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі – 2045 жылдың қаңтар айы. Осы қаражат тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және кейіннен жалға беру үшін үйлерді сатып алу мақсатында тартылған.

- номиналдық құны 38,095,125 мың теңге құрайтын қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар, 2015 жылдың 26 наурызында шығарылған, купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі 2035 жылдың наурыз айында. Холдингтік Компания осы облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығына сәйкес 2022 жылдың маусым айында өтеуді жоспарлайды. Облигацияларды орналастырудан барлық тартылған ақшалай қаражат Астана қ. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында жылжымайтын мүліктің тұрғын үй объектілері мен сауда-ойын-сауық орталығының құрылысын қаржыландыруға арналған.

- номиналдық құны 15,000,000 мың теңге құрайтын қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар, 2015 жылдың 29 қыркүйегінде шығарылған, купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі 2035 жылдың қыркүйек айы. Тартылған қаражат лизинг және/не займ тетігі арқылы отандық автоөндірушілерді және жолаушылар вагондарын өндірушілерді қаржыландыруға, сондай-ақ экспорттық және экспорттан алдыңғы несиелендіруге арналған.

- номиналдық құны 100,000,000 мың теңге құрайтын қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар, 2014 жылдың 11 сәуірінде шығарылған, купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі 2034 жылғы сәуір айы. Тартылған қаражаттан 50,000,000 мың теңге өңдеуші өнеркәсіптегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға және 50,000,000 мың теңге осыған дейін қабылданған шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатыспайтын қарыз алушылардың қолданыстағы займдарын қайта қаржыландыруға арналған.

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2034 жылдың желтоқсан айында түсетін, 2014 жылдың 9 желтоқсанында шығарылған, номиналдық құны 100,000,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар. Тартылған қаражаттан 50,000,000 мың теңге өнеркәсіптің өңдеуші салаларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға және 50,000,000 мың теңге – өнеркәсіптің өңдеуші салаларында ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға арналған.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

10 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (жалғасы)

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2034 жылдың қазан айында түсетін, 2014 жылдың 29 қазанында шығарылған, номиналдық құны 50,000,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар. Тартылған қаражат Қазақстан Республикасын 2015-2019 жылдары индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (әрі қарай – «ИИДМБ-2») жобаларын қаржыландыруға арналған.

- купондық ставкасы жылдық 0.1% және өтелу мерзімі 2034 жылдың шілде айында түсетін, 2014 жылдың 14 шілдесінде шығарылған, номиналдық құны 23,000,000 мың теңге құрайтын, қамтамасыз етілуі жоқ купондық облигациялар. Холдинг осы облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығына сәйкес 2020 жылдың қаңтар айында өтеуді жоспарлайды. Тартылған қаражат ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі үшін жылжымайтын мүлік объектілерін және сауда-ойық-сауық орталығының құрылысын қаржыландыруға арналған.

2014 және 2015 жылдардың ішінде шығарылған облигацияларды «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры қаражатынан толықтай сатып алды.

Мемлекеттік қолдау мен даму бағдарламаларын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес бағдарлама агенттері ретінде Холдингтік Компания, оның еншілес кәсіпорындары және коммерциялық банктер үшін және қаражатты түпкілікті алушылар үшін сыйақы ставкалары, қаржыландыру мерзімдері және ілеспелі талаптар түрінде қаржыландыру шарттарын белгілейді. Одан басқа, Үкімет арнайы шарттарды қабылдады, оларға сәйкес Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорындары коммерциялық банктер мен компанияларды әрі қарай қаржыландыра алады. Сол себепті, орналастыру күніне қарай әділ құн бойынша «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ 2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражатынан сатып алған облигацияларды бағалаудағы айырмашылық сомасы мемлекеттік субсидия ретінде танылған, ал «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Холдингтік Компанияның түпкілікті акционерінің мүддесінде емес, ал мемлекеттің агенті ретінде әрекет еткен, себебі займдар бойынша барлық шарттар көрсетілген бағдарламаларды қаржыландыру туралы қарарында Үкімет деңгейінде келісілген және Үкімет Холдингтің акционері ретінде осы бағдарламалардан тікелей экономикалық пайданың түсуін күтпейді, өйткені жеңілдіктерді түпкілікті алушылар бағдарламамен белгіленген субъектілер болып табылады. Осылайша, 2015 жылдың ішінде Холдингтік Компания мемлекеттік субсидиялар ретінде 223,590,219 мың теңге (2014 жылы: 183,322,224 мың теңге) мөлшерінде табысты көрсетті, ол кіріс не шығыс және өзге жиынтық табыс туралы жеке есепте өзге операциялық табыстарда танылған (14-ескерту). Холдингтік Компания бастапқы тану кезінде шығарылған облигациялардың әділ құнын анықтау кезінде жылдық 5.93% бастап 7.01% дейін нарықтық проценттік ставкаларды пайдаланды (2014 жылы: жылдық 5.41% бастап 6.58% дейін).

2015 жыл бойы көтерілген 10,483,702 мың теңге сомасындағы проценттік шығындар (2014 жылы: 2,039,609 мың теңге) толықтай шығарылған борыштық бағалы қағаздарға жатады.

11 Акционерлік капитал

<i>(акциялар санын қоспағанда, мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
Жарияланған жай акциялар	5,000,086,550	5,000,086,550
Шығарылған, бірақ ақысы төленбеген жай акциялар	(4,241,767,838)	(4,281,767,838)
Шығарылған және төленген акциялардың барлығы	758,318,712	718,318,712
Бір акцияның номиналдық құны, теңге	1,000	1,000
Шығарылған және ақысы төленген акционерлік капитал	758,318,712	718,318,712

Барлық жай акциялар әрбір акция бойынша бір дауыс құқығын ұсынады.

2015 жылы Холдингтік Компания ақшалай нысанда 40,000,000 мың теңге сомасында акционерлік капиталға жарна алды (2014 жылы: 45,000,000 мың теңге).

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 964 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті «ҚИК» АҚ-ның акцияларының 26% Холдингтік Компанияға акционерлік капиталға салым ретінде берді. Мәміле сомасы 10,216,702 мың теңге құрады, номиналдық құны бір акция үшін 1,000 теңге құрайтын берілген акциялардың жалпы саны 10,216,701 және номиналдық құны бір акция үшін 608 теңге құрайтын 1 акция.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

12 Проценттік табыстар

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	10,496,357	2,068,433
Депозиттер	687,393	335,873
Проценттік табыстар барлығы	11,183,750	2,404,306

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың проценттік табыстарының сомасына еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде туындаған дисконт амортизациясы нәтижесінде алынған 9,727,648 мың теңге (2014 жылғы 31 желтоқсан: 1,925,330 мың теңге) сомасында табыстар енгізілді (8-ескерту).

13 Алынған дивиденд

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
«ҚТҮҚЖБ» АҚ	7,166,095	1,799,177
«БД» АҚ	6,077,385	297,671
«Даму» ҰОҚ» АҚ	3,742,830	1,046,586
«ҚДБ» АҚ	3,378,450	-
«ҚКМ» АҚ	3,400,425	731,276
«ҚИК» АҚ	355,205	-
«ҚЭГ» АҚ	189,171	239,896
«ТДҰА» АҚ	57,915	58,430
Алынған дивиденд барлығы	24,367,476	4,173,036

14 Өзге операциялық табыстар

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
Еншілес кәсіпорындарға нарықтан төмен ставкалар бойынша берілген несиелерді бастапқы тану кезіндегі шығыс (8-ескерту)	(221,957,694)	(181,834,334)
Мемлекеттік субсидия (10-ескерту)	223,590,219	183,322,224
Өзге	(3,608)	286
Өзге операциялық табыстар барлығы	1,628,917	1,488,176

15 Әкімшілік және өзге операциялық шығындар

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
Персоналды ұстауға шығындар	1,453,905	1,219,808
Консультациялық қызметтер	310,914	165,666
Операциялық жалдау шығындары	251,820	218,081
Директорлар кеңесін ұстауға шығындар	226,804	180,773
Аутсорсинг шығындары	194,734	232,614
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	124,783	205,358
Негізгі құралдарға жататын өзге шығындар	94,163	54,880
Негізгі құралдарды амортизациялау	63,452	43,438
Іссапар шығындары	53,495	17,948
Бағдарламалық қамсыздандыруды және өзге материалдық емес активтерді амортизациялау	47,648	3,556
Қызметкерлерді оқыту, конференциялар	42,839	35,154
Сақтандыру жөніндегі шығындар	34,008	29,557
Қайырымдылық және демеушілік көмек	32,996	119,217
Кеңселік, типографиялық өнім бойынша шығындар, имидждік өнім	30,423	26,259
Байланыс қызметтері	26,849	24,665
Өзге	56,732	86,300
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар барлығы	3,045,565	2,663,274

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

16 Табыс салығы

Кезең үшін кіріс не шығыс құрамында көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар мынадай бөліктерді қамтиды:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығын	-	-
Уақыт айырмашылықтарының пайда болу және қалпына келу салдарынан кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің мөлшерін өзгерту	228,574	284,952
Табыс салығы бойынша шығын барлығы	228,574	284,952

2015 жылы Холдингтік Компанияның кірісіне қатысты қолданылатын табыс салығының ағымдағы ставкасы 20% құрайды (2014: 20%). 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде Холдингтік Компания 95,102 мың теңге (2014 жылы: 54,312 мың теңге) сомасында банктердегі депозиттер бойынша проценттік табысқа көздерден салықпен төленуге жататын табыс салығының есепке жатқызуын жүзеге асырды.

Төменде теориялық салық шығындары салық салу бойынша нақты шығындармен салыстырылды:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	%	2014	%
Салық салуға дейінгі кіріс	23,650,876	100	3,362,635	100
Табыс салығы бойынша қолданыстағы ставкаға сәйкес есептелген табыс салығы	4,730,175	20	672,527	20
Алынған дивиденд (табыс салығы салынбайтын)	(4,873,495)	(21)	(834,607)	(25)
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері	366,544	2	444,002	13
Шегерілмейтін шығындар	5,350	-	3,030	-
Табыс салығы бойынша шығындар	228,574	1	284,952	8

ҚЕХС және Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар жекелеген қаржылық есептілікті құрастыру мақсатында және кіріске салығын есептеу мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақыт айырмашылықтарының пайда болуына әкеледі. Уақыт айырмашылықтарын пайдалану мерзімі қолданыстағы салық заңнамасымен шектелмеген. Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығысын пайдалану мерзімі 2014-2025 жылдары аяқталады.

«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

16 Табыс салығы (жалғасы)

Төменде 20% (2014 ж.: 20%) ставкасы бойынша көрсетілетін осы уақыт айырмашылықтары қозғалыстарының салықтық салдары толық көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	1 қаңтар 2015	Кіріс не шығыс құрамында көрсетілген	31 желтоқсан 2015
Салық салу базасын азайтатын (көбейтетін) уақыт айырмашылықтарының салықтық ықпалы			
Негізгі құралдар	(19,569)	5,533	(14,036)
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	35,981,801	42,446,009	78,427,810
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(36,275,631)	(42,726,928)	(79,002,559)
Өзге міндеттемелер	28,447	46,812	75,259
Келешек кезеңдерге ауыстырылатын салық шығыстары	444,002	366,544	810,546
Өтеу мүмкіндігін бағалауға дейінгі кейінге қалдырылған таза салық активі	159,050	137,970	297,020
Танылған кейінге қалдырылған салық активі	36,010,248	42,492,821	78,503,069
Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(36,295,200)	(42,721,395)	(79,016,595)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттеме	(284,952)	(228,574)	(513,526)
Салық салу базасын азайтатын (көбейтетін) уақыт айырмашылықтарының салықтық ықпалы			
Негізгі құралдар	-	(19,569)	(19,569)
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	-	35,981,801	35,981,801
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	(36,275,631)	(36,275,631)
Өзге міндеттемелер	-	28,447	28,447
Келешек кезеңдерге ауыстырылатын салық шығыстары	-	444,002	444,002
Өтеу мүмкіндігін бағалауға дейінгі кейінге қалдырылған таза салық активі	-	159,050	159,050
Танылған кейінге қалдырылған салық активі	-	36,010,248	36,010,248
Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	-	(36,295,200)	(36,295,200)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттеме	-	(284,952)	(284,952)

17 Қаржы тәуекелдерін басқару

Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі ережелері мен рәсімдері. Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Холдингтік Компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттері мен тиісті бақылауларды орнатуға, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және белгіленген лимиттерге олардың сәйкестігін үнемі бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарық жағдайының өзгеруін, ұсынылатын өнімдер мен қызметтерді және ең үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың мақсаттары мынадай:

- Холдингтік Компаниядағы басқару бөлігі ретінде тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесі мен біріктірілген үрдісін құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне қарай бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде Холдингтік Компанияның қызметін үнемі жетілдіру;

17 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

- Холдингтік Компанияның өз қызметінің ауқымына сай келетін қолайтын тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;
- тежейтін қабілетін анықтау және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді уақытында анықтау;
- шығыстарды барынша азайту және әлеуетті шығыстарды жабуға ағымдағы шығындарды төмендету.

Тәуекелдерді басқару құрылымы. Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару құрылымы Холдингтік Компанияның мынадай органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен бірнеше деңгейлердегі тәуекелдердің басқарылуымен ұсынылған: Директорлар кеңесі, Басқарма, Активтер мен міндеттемелерді басқару жөніндегі комитет, Инвестициялық комитет, Тәуекел-менеджмент департаменті, Ішкі аудит қызметі, алқалы органдар және өзге құрылымдық бірліктер.

Директорлар кеңесі. Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейі Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесімен ұсынылған. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісінше қызмет етуі үшін, түйінді тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқару үшін толықтай жауапты болады. Директорлар кеңесі Холдингтік Компания қызметінің міндеттерін айқындайды және тәуекелдерді басқаруға жататын құжаттарды бекітеді.

Басқарма. Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейі Холдингтік Компания Басқармасымен ұсынылған. Холдингтік Компания Басқармасы тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және корпоративтік саясаттың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелді бақылау құрылымын жасау үшін жауап береді. Басқарма Холдингтік Компанияның тәуекелдерін басқару философиясын және тәуекелдердің басқарылуын көрсететін «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін жасау үшін жауап береді. Сондай-ақ Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізу үшін жауап береді, онда барлық қызметшілердің тәуекелдерді басқару үшін нақты белгіленген жауапкершілігі бар және өздерінің міндеттерін тиісінше орындау үшін жауап береді. Басқарма тәуекелдерді басқару саласындағы өз функцияларының бір бөлігін тиісті комитеттерді құру арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Тәуекелдер комитеті. Комитет Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет ету процесін үйлестіретін, тұрақты әрекет ететін алқалы консультациялық органы болып табылады. Негізгі мақсаттары мынадай: Холдингтік Компанияда тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесі мен біріктірілген процесін жасау және тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде Холдингтік Компанияның қызметін үнемі жетілдіру.

Тәуекел-менеджмент департаменті. Тәуекелдерді басқару процесінің үшінші деңгейі Тәуекел-менеджменті департаментімен ұсынылған. Тәуекел-менеджменті департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестікті бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептілікті анықтау, бағалау, басқару және ұсынудың ортақ қағидалары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды қамтиды.

Ішкі аудит қызметі. Холдингтік Компанияның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдеріне және тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудитті жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесіне ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге функцияларды орындайды.

Құрылымдық бірліктер. Тәуекелдерді басқару құрылымында ең маңызды бөліктердің бірі әрбір қызметкер ұсынатын Холдингтік Компанияның құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдер иелері) тәуекелдерді басқару процесінде басты рөл атқарады. Холдингтік Компания қызметшілері күн сайын тәуекелдермен жұмыс жасайды, тәуекелдерді басқарады және тәуекелдердің өз қызмет саласына әлеуетті ықпалын бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару бойынша іс-әрекеттер жоспарын жүзеге асыру, өз қызмет саласындағы ірі тәуекелдерді уақытында анықтау мен хабардар ету және жұмыс жоспарына енгізілуі тиіс тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстарды әзірлеу үшін жауап береді.

Несиелік тәуекел. Холдингтік Компанияның қаржы құралдарымен операцияларға қатысушы тараптың біреуі шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны салдарынан басқа тараптың қаржы шығыстарын тану себебі болуы мүмкін тәуекелі болып табылатын несиелік тәуекелге ұшырайды. Несиелік тәуекел Холдингтік Компанияның және еншілес кәсіпорындарының контрагенттермен несиелік және өзге операциялар нәтижесінде туындайды, солардың салдарынан қаржылық активтер пайда болады.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

17 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Холдингтік Компанияның несиелік тәуекелінің ең үлкен деңгейі қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Несиені ұсыну бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін несиелік тәуекелдің ең үлкен деңгейі міндеттеме сомасына тең. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы, сондай-ақ 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдегі қамтамасыз ету және еншілес кәсіпорындарға берілген займдардың сапасын жақсартудың өзге шаралары жоқ.

Холдингтік Компания «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне сүйене отырып, бір контрагентке немесе байланысты контрагенттер тобына лимитті қоса алғанда, контрагенттермен операцияларға лимиттерді белгілеп, несиелік тәуекелді бақылайды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің бірде-бір бабы құнсыздалған не мерзімі өтіп кеткен болып табылмайды.

Несиелік тәуекелді шоғырландыру. 2015 жылғы 31 желтоқсанға қарай Холдингтік Компанияның ақшалай қаражаты сегіз банкте орналастырылған, бұл Холдингтік Компанияны айтарлықтай несиелік шоғырландыру тәуекеліне ұшыратпайды.

Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді шоғырландыру 8-ескертуде ашылған.

Валюталық тәуекел. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік компания үлкен валюталық тәуекелге ұшырамады.

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың, оның ішінде шетел валютасын айырбастау бағамдары мен проценттік ставкаларды қоса алғанда, өзгеруі салдарынан Холдингтік компания табысының немесе портфелі бағасының өзгеруі тәуекелі. Холдингтік Компания үшін нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, проценттік ставкалардың өзгеру тәуекелінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің ықпалына ұшырайтын проценттік, валюталық және үлестік қаржы құралдарына және нарық бағаларының өзгеру деңгейіне қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарық тәуекелін басқару міндеті басқару және қабылданған тәуекел үшін алынатын табыстылықты оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, қолайлы өлшемдердің аясынан шықпайтындай, нарық тәуекеліне ұшырауды бақылау болып табылады.

Нарық тәуекелін басқаруға ортақ жауапкершілік Басқарма Төрағасы жетекшілік ететін Басқармаға жүктелген. Басқарма Тәуекел-менеджменті департаментінің ұсыныстарына негізделі отырып, нарық тәуекелінің лимиттерін бекітеді.

Холдингтік Компания жекелеген қаржы құралдары бойынша портфель мөлшеріне, проценттік ставкаларды өзгерту мерзімдеріне, валюталық орынға, шығындар лимиттеріне қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді белгілеу және нәтижелерін Басқарма қарайтын және бекітетін, олардың сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу арқылы, нарық тәуекелін басқарады.

Проценттік ставкалардың өзгеру тәуекелі – бұл проценттік ставкалардың өзгеруі салдарынан Холдингтік Компания табысының немесе оның қаржы құралдары портфелі бағасының өзгеру тәуекелі.

Холдингтік Компания нарықтық проценттік сыйақы ставкалары ауытқуларының оның қаржылай жағдайы мен ақшалай ағымдарына ықпалына ұшырайды. Мұндай ауытқулар проценттік маржаның деңгейін арттыра алады, алайда проценттік ставкалар кенетөзгерген жағдайда, оны төмендетуі мүмкін және шығыстардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Проценттік ставкалардың өзгеруі тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімі бар қолданыстағы не болжамды активтер дәл осындай өтелу мерзімі бар қолданыстағы не болжамды міндеттемелердің мөлшері бойынша үлкен не кем болған жағдайда туындайды. Проценттік тәуекелдерді басқару шығындарды толық өтеу қағидаларына негізделеді, алынған проценттік табыс қаражатты тарту және орналастыру бойынша шығындарды жабуға және таза табыс пен бәсеке қабілеттілікті алуды қамтамасыз ету тиіс.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

17 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Төменде кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның проценттік тәуекелінің жалпы талдауы ұсынылған. Сондай-ақ онда көрсетілген күндердің қайсысы ертерек болғанына қарай шарттарға немесе өтелу мерзімдеріне сәйкес проценттік ставкаларды қайта қарау күндері бойынша бөлініп, баланстық құны бойынша Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары көрсетілген.

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап еткенше және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан астам	Процент-сіз	Барлығы
31 желтоқсан 2015 жыл						
Қаржы активтері барлығы	193,360	265,842	11,510,000	196,456,077	-	208,425,279
Қаржы міндеттемелері барлығы	-	(169,432)	-	(193,582,328)	(279,211)	(194,030,971)
2015 жылғы 31 желтоқсанға қарай проценттік ставкалар бойынша таза айырмашылық						
	193,360	96,410	11,510,000	2,873,749	(279,211)	14,394,308

Төменде кестеде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның проценттік тәуекелінің жалпы талдауы келтірілген. Сондай-ақ онда көрсетілген күндердің қайсысы ертерек болғанына қарай шарттарға немесе өтелу мерзімдеріне сәйкес проценттік ставкаларды қайта қарау күндері бойынша бөлініп, баланстық құны бойынша Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары көрсетілген.

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Талап еткенше және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан астам	Процент-сіз	Барлығы
31 желтоқсан 2014 жыл						
Қаржы активтері барлығы	3,249,249	-	2,350,000	93,163,685	-	98,762,934
Қаржы міндеттемелері барлығы	-	-	-	(91,667,385)	(326,400)	(91,993,785)
2014 жылғы 31 желтоқсанға қарай проценттік ставкалар бойынша таза айырмашылық						
	3,249,249	-	2,350,000	1,496,300	(326,400)	6,769,149

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл
17 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін міндеттемелер және проценттік активтер бойынша қайта қаралған позицияларды және проценттік ставкаларды көбейту не азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа табыстылық ауытқымасының параллельді жылжуының жеңілдетілген сценарийі негізінде жасалған, кіріс не шығыстың (салықтарды шегере отырып) проценттік ставкалардың өзгеруіне (сыйақы ставкаларын қайта қарау тәуекелі) сезімталдығын талдау:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
100 базистік тармаққа параллельді көбейту	25,049	29,611
100 базистік тармаққа параллельді азайту	(25,049)	(29,611)

Холдингтік Компания қаржы құралдары бойынша проценттік ставкалардың мониторингін жүзеге асырады. Төменде кестеде есептер негізінде тиісті есепті күнге қарай проценттік ставкалар ұсынылған.

<i>Жылына орташа өлшенген % в год</i>	31 желтоқсан 2015	31 желтоқсан 2014
Активтер		
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	-	7.60%
Депозиттер	9.17%	8.28%
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	6.43%	6.50%
Міндеттемелер		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	6.43%	6.50%

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтімділігі жоғарыдағы кестеде ұсынылған. Қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарт төлемдері амортизацияланбаған дисконт пен болашақ проценттік шығындардың сомасына олардың баланстық құнынан асып кетті. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша келісімшарт төлемдері 599,973,393 мың теңге құрайды, оның ішінде 2034 және 2045 жылдары түсетін номиналдық құны 588,595,125 мың теңге, сондай-ақ жыл сайын төленетін болашақ проценттер 11,378,268 мың теңге. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар келісімшарт төлемдері 2578,364,458 мың теңге құрайды, оның ішінде 2034 жылы өтелетін номиналдық құны 273,000,000 мың теңге және жыл сайын төленетін болашақ проценттер 5,364,458 мың теңге.

Капиталды басқару. Холдингтік Компания өз капиталына Холдингтік Компанияның иелеріне тиесілі таза активтер ретінде қарайды. Холдингтік Компанияның капиталға қатысты реттеуші талаптары жоқ.

Құқықтық тәуекелдер – Холдингтік Компания құқықтық тәуекелге ұшырауы мүмкін, яғни заңнаманың қолайсыз өзгеруі, заңнаманың дұрыс қолданылмауы, шешім қабылдау кезінде ішкі құжаттардың сақталмауы, мемлекеттік уәкілетті органдарға уақытында хабарламау (өртүрлі жағдайларда: құжаттарды дайындау кезінде, заңдық маңызды іс-әрекеттерді жасау кезінде және т.б.).

Холдингтік Компания заңнама өзгерістерінің мұқият мониторингі, тапсырмаларды орындау мониторингі, заң қызметі қызметшілерінің біліктілігін арттыру, кеңес берушілерді тарту арқылы құқықтық тәуекелді басқарады.

18 Шартты міндеттемелер

Сот талқылаулары. Кейде ағымдағы қызмет барысында сот органдарына Холдингтік Компанияға және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты талаптар түседі. Жеке өзінің бағасына, сондай-ақ ішкі кәсіби кеңесшілердің ұсыныстарына сүйене отырып, Холдингтік Компания басшылығы осы талаптар бойынша талқылаулар Холдингтік Компания үшін елеулі шығыстарға әкеп соқтырмайды деп санайды және тиісінше, жекелеген қаржылық есептілікте осы талқылаулар бойынша шығыстарды өтеуге резервті қалыптастырмаған.

Шартты салық міндеттемелері. Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасы әртүрлі талқылау мүмкіндігіне жол береді және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды. Басшылықтың Қор операциялары мен қызметіне қатысты заңнаманы түсінуін тиісті органдар даулай алады. Қазақстандық салық органдары заңнаманы түсіндіру және аударымдарды бағалау кезінде анағұрлым қатаң көзқарасты ұстануы мүмкін және бұрынғы кезде дау мәні болмаған операциялар мен қызмет даулануы мүмкін. Нәтижесінде қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімақыдардың елеулі сомалары қосып есептелуі мүмкін. салық кезеңдері тиісті салық органдарының тексеру жүргізілген жылдың алдында келген күнтізбелік 5 жылдың ішінде салықтарды төлеу мәніне қарай тексеруін жүргізу үшін ашық болып қала береді. Жекелеген жағдайларда тексерулер анағұрлым ұзақ мерзімдерді қамтуы мүмкін.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл
18 Шартты міндеттемелер (жалғасы)

Компаниялар арасындағы операциялар нәтижесінде туындайтын салық міндеттемелері осындай операцияларда қолданылған нақты бағалар негізінде анықталады. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеу ережелерінің түсініктері әрі қарай дамып, Қазақстан Республикасының салық органдары қолданатын әдіске өзгерістер енгізілген сайын осы трансферттік бағалар болашақта даулануы мүмкін деген болжам бар. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеу ережелері тым қысқа уақыт қана қолданылатынын ескере отырып, осындай даулы жағдайлардың салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен дауланбайды. Сонымен бірге, олар жалпы ұйымның қаржылық жағдайы және/немесе қызметі үшін елеулі болуы мүмкін.

Қазақстандық салық заңнамасы кейбір салықтық мәселелер бойынша нақты нұсқаулықтарды қамтымайды. Кейде Холдинг және оның еншілес кәсіпорындары осындай тиянақсыз салық мәселелерінің Холдинг бойынша жалпы салық ставкасының төмендеуіне әкелетін түсіндіруін қолданады. Жоғарыда белгіленгендей, әкімшілік және сот тәжірибесіндегі оқиғалардың жуырдағы дамуына байланысты, салық әдістерінің осындай түсіндірілуі мұқият тексерілуге ұшырауы мүмкін. Салық органдары тарапынан осындай тексерулердің салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалануы мүмкін емес, алайда олар жалпы ұйымның қаржылық жағдайы және(немесе) қызметі үшін елеулі болуы мүмкін.

Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер. Холдингтік Компанияның операциялық жалдауда бірқатар ғимараттары мен автокөліктері бар. Жалдау, көбінесе, бастапқы кезеңі 1 жылға ресімделеді, бұл ретте көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін жалдауды ұзарту мүмкіндігі бар. Жалгерлік төлемдер әдетте нарықтық жалгерлік шарттарды көрсету үшін жыл сайын көбейтіледі. Жалдау шартты жалдауды қамтымайды.

19 Байланысты тараптармен операциялар

Егер тараптар ортақ бақылауда болса немесе бір тараптың басқа тарапты бақылауға мүмкіндігі болса не басқа тарап қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде айтарлықтай ықпал ету мүмкіндігі болса, бұл тараптар байланысты болып саналады. Байланысты тараптармен қатынастар болуы мүмкін қатынастардың әрбір жағдайын қараған кезде осындай қатынастардың заңдық нысанын ғана емес, ал сонымен бірге олардың мазмұнын (мәнін) назарға алу қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Холдингтік Компанияның үстінен айтарлықтай ықпалы бар, себебі түпкілікті бақылайтын тарап болып табылады. Холдингтік Компания мемлекеттік кәсіпорындармен есеп айырысулар бойынша қалдықтар және жеке қалған операциялар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдану туралы шешімді қабылдады.

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Еншілес кәсіпорындар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Ақшалай қаражат және олардың баламалары (6-ескерту)	-	20,625
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар (9-ескерту)	773,782,161	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер (8-ескерту)	196,721,919	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	250,751
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (10-ескерту)	-	(193,751,760)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(513,526)
Өзге міндеттемелер	-	(87,114)

Төменде 2015 жылдың байланысты тараптармен операциялар бойынша табыстар мен шығындар баптары көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Еншілес кәсіпорындар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Проценттік табыстар	10,496,357	-
Проценттік шығындар	-	(10,483,702)
Алынған дивиденд	24,367,476	-
Өзге операциялық (шығындар)/табыстар	(221,957,694)	223,590,219
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	-	(600,348)
Табыс салығы бойынша шығын	-	(228,574)

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

19 Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Еншілес кәсіпорындар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар (9-ескерту)	718,382,161	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер (8-ескерту)	93,163,685	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	69,312
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (10-ескерту)	-	(91,667,385)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(284,952)
Өзге міндеттемелер	-	(78,514)

Төменде 2014 жылдың байланысты тараптармен операциялар бойынша табыстар мен шығындар баптары көрсетілген:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	Еншілес кәсіпорындар	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Проценттік табыстар	2,068,433	-
Проценттік шығындар	-	(2,039,609)
Алынған дивиденд	4,173,036	-
Өзге операциялық (шығындар)/табыстар	(181,834,334)	183,322,224
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	-	(567,823)
Табыс салығы бойынша шығын	-	(284,952)

Басқарма және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде ұсынылған:

<i>(мыңдаған қазақстандық теңге)</i>	2015	2014
Директорлар кеңесінің мүшелері	195,191	152,607
Басқарма мүшелері	156,352	137,972
Барлығы	351,543	290,579

20 Әділ құн

Әділ құнды анықтау. Көптеген жағдайларда Холдингтік Компанияның есептік саясатының ережелері мен ақпаратты ашу ережелері қаржылық және қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтауды талап етеді. Әділ құн төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, ақпаратты бағалау және ашу мақсаттары үшін анықталды. Мүмкіндік болған жағдайда, активтің не міндеттеменің әділ құнын анықтау процесінде жасалған болжамдар туралы қосымша ақпарат осы активке не міндеттемеге қатысты ескертулерде ашылды.

Активтің не міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Холдингтік Компания, мүмкіндік болған жағдайда, байқалатын нарық деректерін пайдаланды. Әділ құнды бағалау тиісті бағалау әдістері аясында қолданылатын бастапқы деректерге байланысты әділ құнның иерархияның әртүрлі деңгейлеріне жатады.

1-деңгей: белсенді нарықтағы бірдей активтерге не міндеттемелерге белгіленген (түзетілмеген) бағалар;

2-деңгей: 1-деңгейдің бағалары үшін қолданылатын, белгіленген бағалардан басқа, бастапқы деректер байқалатын не тікелей (яғни, бағалар сияқты), немесе жанама (яғни, бағалар негізінде анықталған) болып табылады.

3-деңгей: бағалары байқалатын рыноктық деректерге негізделмеген активтер мен міндеттемелер үшін бастапқы деректер (байқалмайтын бастапқы деректер).

Егер активтің не міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін қолданылатын бастапқы деректерді әділ құнның әртүрлі иерархия деңгейлеріне жатқызуға болатын болса, онда әділ құнды бағалау жалпы бүкіл бағалау үшін маңызды болып табылатын, ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер сәйкес келетін иерархия деңгейлеріне жатады.

Холдингтік Компания осы өзгеріс орын алған есепті кезеңнің аяқталу күніне қарай әділ құнның иерархия деңгейлері арасындағы аударымдарды мойындайды.

«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Жекелеген қаржылық есептілікке ескертулер – 31 желтоқсан 2015 жыл

20 Әділ құн (жалғасы)

Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер және шығарылған борыштық бағалы қағаздар. Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелердің және шығарылған борыштық бағалы қағаздардың әділ құны есепті күндегі жағдай бойынша сыйақының нарықтық ставкасы бойынша дисконтталған ақшалай қаражаттың болашақ ағымдарының келтірілген құны бойынша бағаланады. Осы әділ құн ашу мақсаттарына қатысты анықталады.

Баланстық құнымен салыстырғанда, қаржы құралдарының әділ құны. Басшылықтың пікірінше, Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың баланстық бағасына жақындап келеді.

21 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес отырысының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 01-7-16с хаттамасына сәйкес құрылысты қаржыландыру және кейіннен жалға беру үшін тұрғын үйді сатып алу мақсатымен 2016 жылдың қаңтар айында Холдингтік Компания купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі 2046 жылы түсетін, 22,500,000 мың теңге сомасына купондық облигацияларды шығарды. Тартылған қаражат өтелу мерзімі 30 жылдан кейін түсетін және сыйақының купондық ставкасы жылдық 0.15% тең несиелер нысанында игерілген сайын Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚИК» АҚ-ға беріледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес отырысының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 01-7-16с хаттамасына сәйкес экспорттық және экспорттың алдындағы несиелендіруді қаржыландыру мақсатымен Холдингтік Компания 2016 жылдың ақпанында өтелу мерзімі 2036 жылы түсетін және купондық ставкасы жылдық 0.10% құрайтын 15,000,000 мың теңге сомасына купондық облигацияларды шығарды. Тартылған қаражат өтелу мерзімі 20 жылдан кейін түсетін және купондық ставкасы жылдық 0.15% тең несиелер нысанында «ҚДБ» АҚ-ға берілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес отырысының 2014 жылғы 11 маусымдағы № 01-7.7 хаттамасына сәйкес Астана қ. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің аумағында жылжымайтын мүліктің тұрғын үй нысандары мен сауда-ойын-сауық орталығының құрылысын әрі қарай қаржыландыру мақсатында Холдингтік Компания 2016 жылдың наурыз айында жылдық сыйақы ставкасы 0.1% және өтелі мерзімі 2036 жылы түсетін, 15,000,000 мың теңге сомасына купондық облигацияларды шығарды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес отырысының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 01-7-16с хаттамасына сәйкес жалға берілетін және несиелік тұрғын үйдің құрылысын қаржыландыру мақсатында Холдинг 2016 жылдың наурыз айында купондық ставкасы жылдық 0.10% және өтелу мерзімі 2036 жылы түсетін, 202,000,000 мың теңге сомасына купондық облигацияларды шығарды. Тартылған қаражат өтелу мерзімі 20 жылдан кейін түсетін және купондық ставкасы жылдық 0.15% тең несиелер нысанында Холдингтік Компанияның еншілес ұйымдары «БД» АҚ-ға және «ҚТҮҚЖБ» АҚ-ға берілді.